| Ұйымдастырыл ған іс-әрекеттер | **Дене шынықтыру**<br>-допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізуді бекіту.<br>(Ұ) тыныс алу жаттығуы Мақсаты: балаларды мұрын арқылы демалуға үйрету, оларды күрделілеу тыныс алу жаттығуларын орындауға дайындау.<br>1.Мұрынды сипау (мұрынның екі қапталын) ұшынан кеңсірікке дейін – ішке дем тарту. Демді сыртқа шығарғанда танау тесіктерінің үстін сұқ саусақпен сипалау (5-6 рет). | **Қоршаған ортамен танысу**<br><br>адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну<br>**«Жанды және жансыз табиғат» ойыны**<br>Ойынның мақсаты:жанды және жансыз табиғатты ажырата алуға үйрету.<br><br>**Қазақ тілі**<br>аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы) сөздермен толықтыру<br>**Ойын "Интервью".** | **Сауат ашу негіздері**<br>- ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, сызықтарды бастырып олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға дағдыландыру<br>**«Сиқырлы сызықтар»қол** жаттықтыруға арналған жаттығулар.( саусақ моторикасын дамытуға арналған өрнектерді сызыпиүйрену)<br><br>**Математика негіздері** | **Сөйлеуді дамыту**<br>табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдай білуді бекіту.<br>**«Айгүлгесеруенге бару үшін не жетіспейді?»**<br>Ойынныңмақсаты: Жыл мезгілдерінесайкиімдер діажыратабілугеүйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: жыл мезгілдеріне сай киімдердің суреті<br>Ойынның мазмұны:Әр | **Сауат ашу негіздері**<br>- ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, сызықтарды бастырып олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға дағдыландыру<br>**«Мен әдемі жазып,үйренемін»** қол жаттықтыру жұмыстары.<br>**Математика негіздері**<br>- пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2.Оң мұрынмен, содан кейін сол мұрынмен 8–10 рет дем алу, сұқ саусақпен оларды кезек жабу.<br>3. Мұрынмен ішке дем тарту. Сыртқа ауа шығарғанда «м-м-м» дыбысын айта отырып танау тесіктерінің үстін тоқылдата ұру.<br>4.Ішке дем тартқанда, мұрын тесіктерін саусақпен үстінен баса отырып ішке кірген ауаға қарсылық көрсету. Ұзағырақ дем тартқанда мұрын тесіктерінің үстінен кезекпен тоқылдату керек.<br>(Ұ) Залдың бір жағынан екінші жағына өте отырып тапсырма орындау. Сынып болып тапсырма орындаған кезде кеңістік, дене және нысанды бақылау, тәуекелдікті азайту туралы еске салыңыз.<br>Екі тобық арасына доп қысып алып жүру.<br>Алақан мен табанға сүйене отырып (бастапқы қалып: отыру, доп екі тізе арасында) екі тізе арасына доп қысып, еңбектеу. Қозғалыс кезінде денені тіктеуге назар аударыңыз.<br>түрлі биіктік деңгейіндегі заттар арқылы қос аяқтап секіру. Нұсқау – қос аяқтап пәрменмен қарғу, қолды алға созу. Үрленген шармен | Алдымен балаларды жаңа сөздермен таныстыру керек.<br>Интервью –газет, теледидар немесе радиодан берілетін сұхбат әңгіме.<br>Тілші – сұрақ қойып отыратын кісі.<br>Респондент – сұраққа жауап беретін адам.<br>Балаларды микрофонға нық сөйлеуге үйрету керек. Ол үшін балаларды 10 дейін өсу, кему ретімен санауды ұсыныңыз. Сосын балаларға рөлдерді бөліп беріңіз. Мүмкін болатын тақырыпты талқылаңыз. Тілшілер сұрақ бастайды. Сосын әңгімені ұжым боп тыңдап, талқылайды.<br>Мүмкін болар тақырыптар: театрға барғанын, көрген қойылымды талқылау; мерекені талқылау; суреттер көрмесін, қызықты кітапты, аптада болған ең қызықты оқиғаларды.<br>Ойын нұсқалары: 1) мұғалім балалардан интервью алады, 2) балалар мұғалімнен интервью алады, 3) ата-аналар интервью алады, 4) балалар ата-аналардан интервью алады. | қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>**Зат неге ұқсайды?»**<br>Мақсаты: Геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту.<br>1-нұсқа.<br>Тәрбиеші геометриялық пішінді немесе геометриялық денені балаларға көрсетеді, ал балалар оның қоршаған ортадағы қандай затқа ұқсайтындығын табады немесе естеріне түсіреді.<br>2-нұсқа.<br>Тәрбиешінің үстелінің үстінде геометриялық пішіндерді немесе заттар мен суреттер жатыр. Бала суретті не затты таңдай отырып, оның қандай пішінге ұқсайтындығын айтады. Өзінің жауабын түсіндіреді<br><br>**Қазақ тілі**<br>туыстық қарым-қатынасты білдіретін «ағайын», «туысқан», сөздердін үйрету<br>**«Отбасы мүшелерін** | балаға қуыршақтар беріледі. Балалар ол қуыршақтарды жыл мезгілдеріне сай киіндіру керек. Бір балаға қыс мезгіліне сай, ал келесі балаға күз мезгіліне сай және тағы сол сияқты.<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Өсімдіктер әлемі.<br>-өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі.<br><br>**«Не қайда өседі»** | туралы ұғымдарды дамыту,<br>«**Кім жылдам құрастырады?»** ойыны<br>Мақсаты: пішіндерді қайталау, логикасын дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: пішіндер, үлгі суреттер.<br>Ойын барысы: Балаларға пішіндер беріледі. Балалар үлгідегі суретке қарап өздігінен өрнек құрастырады.<br><br>**Шығармашылық іс-әрекет**<br>-- киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіруді жетілдіру.<br>«Қош келдің Наурыз» мерекелік іс-шараға дайындық.Балалар өз қалаулары бойынша топқа бөлініп,киіз үйдің заттарын ермексаздан мүсіндеу,түрлі -түсті бояумен суретін салып,қағаздан киіз үй |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүру.<br>Шарикті саусақтармен жеңіл итере отырып, жерге түсуіне жол бермеу<br>**Математика негіздері**<br>денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру<br>**«Бұл не екенін ойлап тап» (геометриялық пішіндер)**<br>Мақсаты:  Балалардың білімдерін кеңейту, тілдерін жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: кілем суреттері, пішіндер.<br>Ойын барысы: Балаларға кілемнің суреті беріледі. Балалар кілемге қандай пішінді жжамау жетпей тұрғанын айтады, орналастырады.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру дағыдысын одан әрі жетілдіру<br>**«Өз үйіңді тап»**<br>-сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру дағыдысын бекіту.<br>Шарты:<br>Екі,үш сөзден тұратын сөйлемнің сызбасын үш немес екі терезелі үйге | **Көркем әдебиет**<br>жұмбақ шеше білуге дағдыландыру<br>**«Жұмбақбай атаға қонаққа барамыз» ойыны**<br>**Музыка**<br>би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға «Қаражорға» бин билетуді жалғастыру.<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай).<br>Музыка әуеніне ілесіп, аяқты тізеден көтеріп нық басып, бойды тік ұстап, екі қолды кезек-кезек сермеп жүру.<br>***Музыка тыңдау:***<br>«Балдырғандар маршы» (К. Қуатбаев).<br>Музыка тыңдап**,** сипаты туралы сұрау, әуенді тыңдап, қандай көңіл күйде болғандарын сұрау.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:*** «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева).<br>Балалармен әннің көңіл күйін анықтау, сипатына көңіл бөлу. Мазмұнына | **орналастыр»**<br>Мақсаты: Отбасы мүшелерін атауға, «ағайын», «туысқан», сөздердін  үйрету оларды құрметтеуге үйрету. Есте сақтау, зейін қою қабілеттерін жетілдіру.<br>Құрал-жабдықтары: Отбасы мүшелерінің суреттері, ұяшықтар.<br>Ойынның  барысы: Балалар отбасы мүшелерінің аттарын, олардың жанұядағы орны мен атқаратын қызметін атаулары керек.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>жұбымен шеңбер бойымен жүруді жетілдіру.<br>(Ұ) Жылдамдата жүгіру.<br>Жүгіру қарқынын біртіндеп күшейту мен баяулатуға және қол- дың тиісті қимылын пайдалануға назар аударыңыз.<br>тыныс алу жаттығуы<br>Мақсаты: балаларды мұрын арқылы демалуға үйрету, оларды күрделілеу тыныс алу жаттығуларын орындауға дайындау.<br>1.          Мұрынды сипау (мұрынның екі қапталын) ұшынан кеңсірікке дейін – ішке дем тарту. Демді сыртқа шығарғанда танау | Мақсаты: Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.<br>Көрнекіліктер: бақ пен бақшаның, жеміс пен көкөністердің суреті.<br>Ойын шарты: бақ пен бақша салынған<br><br>**Көркем әдебиет**<br>жұмбақ шеше білуге дағдыландыру.<br>«Кім тапқыр»  жұмбақ шешуден сайыс.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу.<br>Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу;<br>артқы жағынан қолды айқастырып көтеру;<br>қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу.<br>Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею. | құрастырады.<br>**Музыка**<br>Билер.<br>- би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға «Қаражорға» бин билетуді жалғастыру.<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар:*** «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай).<br>Музыка әуеніне ілесіп, аяқты тізеден көтеріп нық басып, бойды тік ұстап, екі қолды кезек-кезек сермеп жүру.<br>***Музыка тыңдау:***<br>«Балдырғандар маршы» (К. Қуатбаев).<br>Музыка тыңдап**,** сипаты туралы сұрау, әуенді тыңдап, қандай көңіл күйде болғандарын сұрау.<br>Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>***Ән айту:***<br>«Балдырғандар әні» (Г. Жотаева).<br>Балалармен әннің көңіл күйін анықтау, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | орналастыраулары тиіс.<br>Мысалы: «Көктем» сөзіне сөйлем құрастырып,сөйлемде неше сөз бар екенін тауып,сөйлемдегі сөздің санын білдіретін сызбаны үйшіктің терезе санына қарай орналастырулары тиіс.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдай білу дағдысын жетілдіру.<br>**«Әртүрлі сөздерді жинақта»**<br>**Ойынның мақсаты:** Сөздің бірінші және соңғы дыбысын ажыратып үйрету.<br>**Ойынның құрал-жабдықтары:** Заттық суреттер<br>**Ойынның мазмұны:** Бірінші суретті орналастырады, содан кейін соның соңғы дыбысына басталатын суретті қояды т.с.с жалғастырады. Ара-алма- автобус-сабын- нан т.с.с. | тоқталып, әнді үйрену.<br>Үйренген «Біз бақытты баламыз» әнін (Ә. Қонысбеков) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>***Билер:*** «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>Балаларға бидің қимылдарын көрсету, өз беттерінше жасатып үйрету, әуенге қосылып 1-2 қимылдарын үйрену.<br>***Ойындар, хороводтар:*** «Соқыртеке» (Е. Хасанғалиев).<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, шеңбер жасап тұрады, 3-4 бала шеңбердің сырт жағында тұрады. Ортада – «соқыртеке».<br>Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің 1-шумағын айтады. 2-шумақты «соқыртеке» айтады. 2-шумақ басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «соқыртекеге» ұсталып қалмас үшін жан-жаққа жүгіреді. | тесікте- рінің үстін сұқ саусақпен сипалау (5-6 рет).<br>2. Оң мұрынмен, содан кейін сол мұрынмен 8–10 рет демалу, сұқ саусақпен оларды кезек жабу.<br>3. Мұрынмен ішке дем тарту. Сыртқа ауа шығарғанда «м-м-м» дыбысын айта отырып танау тесіктерінің үстін тоқылдата ұру.<br>4. Ішке дем тартқанда, мұрын тесіктерін саусақпен үстінен баса отырып ішке кірген ауаға қарсылық көрсету. Ұзағырақ дем тартқанда мұрын тесіктерінің үстінен кезекпен тоқылдату керек.<br>(Ұ) Кедергі заттар арасымен хоп-фитболдармен секіру – денені тік ұстап, еденнен бар күшпен қарғу және жерге аяқты тізеден жартылай бүгіп түсу.<br>(т, ПК) тепе-теңдік – 5 метр қашықтыққа бір аяқпен секіріп, екінші аяқпен ауыр допты итеріп бару.<br>Жерге бүкіл табанмен түспей, оның алдыңғы бөлігіне сүйене отырып итеруге балалардың назарын аудару.<br>(т, ПК) «қоңырауды | 2 қатар сапқа тізілу.<br>Топпен жалпы дамыту жаттығуларын құрсаудың көмегімен жасау. Сапқа тұрғанда тиісті арақашықтықты сақтауға назар аударыңыз. Балалар құрсау пайдаланып майтабан ауруының алдын алуға, ептілікті дамытуға арналған жаттығуларды ойдан құрастырсын. Жақсы идеяларды бейімдеп қолданыңыз. Дене қозғалысын өздігінен бақылау машықтығына назар аударыңыз.<br>(Құрсаумен түрлі қимылдар жасау: құрсаумен, өкше жерде – аяқтың басы құрсауда, аяқтың басы жерде – өкше құрсауда).<br>Лақтыру, орындық үстімен жүру кезінде қауіпсіздік техникасы туралы ескертеді.<br>(т, ПК) 5 метр қашықтықтан тік нысанаға көздеп лақтыру. Оң және сол қолмен нысанаға лақтырғанда денені дұрыс ұстауға көңіл бөлінеді. Лақтыру техникасына назар аударылады – ал- дымен | сипатына көңіл бөлу.<br>Мазмұнына тоқталып, әнді үйрену.<br>Үйренген «Біз бақытты баламыз» әнін (Ә. Қонысбеков) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>***Билер:*** «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан).<br>Балаларға бидің қимылдарын көрсету, өз беттерінше жасатып үйрету, әуенге қосылып 1-2 қимылдарын үйрену.<br>***Ойындар, хороводтар:*** «Соқыртеке» (Е. Хасанғалиев).<br>Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, шеңбер жасап тұрады, 3-4 бала шеңбердің сырт жағында тұрады. Ортада – «соқыртеке».<br>Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің 1-шумағын айтады. 2-шумақты «соқыртеке» айтады. 2-шумақ басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «соқыртекеге» ұсталып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | сыңғырлат»<br>Гимнастикалық сатыда түрліше тәсілмен өрмелеу – тақтай- шаларды дұрыс ұстауға, қауіпсіздік техникасына назар ау- дарылады.<br>Тақтайшаны дұрыс ұстау – төрт саусақ жоғарыда, бас бармақ төменде болады.<br>Нұсқау – аяқ пен қолдың қозғалысын үйлестіру, арада тақтай- ша қалдырмау, сатыдан секірмеу.<br>Мұндай қозғалыс кезінде қозғалыс қарқындылығының өзгеруі мен қауіпсіздік техникасының сақталуына назар аудару керек. Өз стратегиясын қолдана отырып бәрінен бұрын тапсырма орындайтындарды мақтап, ынталандыруға назар аударыңыз.<br>(Ұ) Балаларға кез келген тірек-қимыл тәсілін көрсете отырып, музыка үнімен қозғалуды ұсыныңыз. Музыка тоқтағанда әрбір ойыншы жақын тұрған құрсауға қарай жүгіріп барып аяқтың ұшымен тұрады. Музыка тоқтаған сайын бір құрсау алып тасталады. Құрсау ішінде кемінде үш | қолды айналдыра төмен, содан кейін артқа қолды толық жазылғанша серпеді.<br>(т, ПК) тепе-теңдік – гимнастикалық орындықпен жүру, әрбір қадамда аяқты түзу ұстап, жоғары көтерілген аяқ астынан шапалақтау. Нұсқау – тепе-теңдік сақтау, денені тік ұстау; аяқты алдымен табанның алдыңғы жағына қойған соң барып бүкіл та- банмен тұру. Биік жерде жаттығу орындаған кездегі қауіпсіздік техникасы туралы ескертіледі, сақтық шараларына көңіл бөліне- ді.<br>«Менің жүрегім» оқыту ойыны<br>«Қолдарыңды кеудеге қойыңдар (көрсетемін). Сендер тыныш тұрғанда жүрек бірқалыпты соғады, ал ашуланған кезде жүрек қағысы жиілейді. Бұл жүректің сендерге: «Тоқта, сабыр сақта, ашуланба», – деп ескерткені. «Кешір», – дейді ол. Кәнеки, жүре- гімізге көмектесіп, бір- бірімізді ренжітпей, дос болайық. Сонда | қалмас үшін жан-жаққа жүгіреді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ойыншы болуы керек. Қозғалыстың тиісті қарқынына және оның музыкаға сай келуіне назар аударыңыз. | жүрегіміз бірқалыпты соғатын болады. Достарыңа күлкі сыйлаң- дар». Өз денесіне қамқорлықпен қарауға назар аударады | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Кийм шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | **Қайың ағашын бақылау**<br>Мақсаты: қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Жас шыбық» А. Меңдібай<br>Көшетін әкеп қайыңның,<br>Отырғыздым аулаға.<br>Жіп-жіңішке жас шыбық,<br>Өспейді деп ойлама.<br>Жас шыбық өсіп толады,<br>Әсем қайың болады,<br>Суғарып, күтіп, баптасам.<br>Қайың көп ағаштардың ішіндегі сұлу ағаштардың бірі. Оның аппақ діні жұқа қабықпен қапталған. Қайың қыс шыққан бойда бүр жарып шыға келеді. Халық әндері мен ертегілеріне қайыңды жиі қосқан. Оны сүйіспеншілікпен «ақ қайың» деп атаған. Ерте кезде жолаушы жүретін үлкен жолдардың бойына қайың еккен. Қайыңның жұмсақ қабығынан жеңіл | **Су тамшыларын бақылау**<br>Мақсаты:<br>—температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау;<br>—зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз. «Сүңгілер» А. Меңдібай<br>Күн сәулесін төкті кеп,<br>Қар да ери бастады.<br>Шатырынан әр үйдің,<br>Төмен қарап салбырап,<br>Мұз сүңгілер аспалы,<br>Пайда бола бастады.<br>Тырс - тырс тамып тамшылар,<br>Тынымсыз жерге тамады.<br>Қардың суы ерiген,<br>Сай қуалай ағады.<br>Балаларға сұрақтар<br>♦Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? (күн бетте) | **Күнді бақылау**<br>Мақсаты: күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:<br>Үлкен алтын табақтан,<br>Әлемге нұр таратқан.<br>(күн)<br>Алауға оранып,<br>Көкке өрлеп шығады.<br>Бір айналып оралып,<br>Көкжиекке бұғады.<br>(күн)<br>Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады.<br>• Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады?<br>• Күн қай жақтан шығады?<br>• Қай жаққа батады?<br>• Жарқырап тұрған | **Тастарды бақылау**<br>**Мақсаты:** тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру.<br>Бақылау барысы<br>Балабақша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу.<br>Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту.<br>Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу.<br>Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп.<br>Сұрақтар:<br>•Тастардың қандай түрлерін білесіңдер?<br>•Асыл тастарды не үшін пайдаланады? | **Желді бақылау**<br>Мақсаты:<br>- жел туралы түсініктерін бекіту;<br>- жел түрлерін есте сақтау.<br><br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:<br>Ағаштарды шайқайды,<br>Көзге көрінбейді.<br>Шарлағанда сай-сайды,<br>Бір сәт ерінбейді. (жел)<br>Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады.<br>Сұрақтар қояды:<br>♦Желдің қандай түрлері болады?<br>♦Жел неге соғады?<br>Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шабата (аяқ киім), жолаушы жүргенде киімдері мен тамағын салатын себеттер тоқыған.<br>Тәрбиеші сұрақтары:<br>• Қандай ағаш түрлерін білесіңдер?<br>• Біздің ауламызда қандай ағаштар өседі?<br>• Ағаштар жылдың қай мезгілінде көктейді?<br>• Әуелі ағаш бұтақтарында не пайда болады?<br>• Қазір аулаға ағаш көшетін отырғызуға бола ма?<br>• Ағаштар жақсы өсуі үшін біз оларға не істеуіміз керек?<br>Зерттеу жұмысы<br>Қайың ағашы мен басқа ағаштарды салыстыру: оларды қандай айырмашылықтары арқылы ажыратуға болады?<br>Еңбек<br>Ауланы өткен күзден қалған қоқыстан тазалауға көмектесу<br>Мақсаты:өз еріктерімен топқа бөлінуге, өз еріктерімен еңбек етуге баулу.<br>Қимылды ойын: «Орамал тастамақ»<br>Мақсаты:<br>_- ойын шартын түсініп ойнауға, аңғарымпаздыққа, | ♦Неге? (күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады)<br>♦Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? (қысқарады, аяз бен желден олар сынады)<br>♦Шуақты күні ше? (өседі)<br>♦Қай беттегі сүңгілер тез ериді? (күн беттегі, себебі күн мқзды қыздырады да, ол суға айналады)<br>Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сүңгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сүңгінің астына қояйық. Қай ыдысқа су көп жиналады екен. Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған.<br>Еңбек<br>Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу.<br>Мақсаты: кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын «Аяғыңды сулама»<br>Мақсаты:<br>—Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы | күнге тура қарауға бола ма?<br>• Неге?<br>Зерттеу қызметі<br>Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады?<br>Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме?<br>Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? (қоңыр түсті әйнекпен)<br>Еңбек<br>Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу..<br>Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.<br>Қимылды ойын «Күн мен түн».<br>Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу.<br>Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру.<br>Мақсаты:секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.<br>Мақал-мәтел: Көктем туа Наурыз келер.Күн менен түн теңелер. | •Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады?<br>•Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады?<br>Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді.<br>•Мектеп ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма?<br>Зерттеу жұмысы<br>Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау.<br>Еңбек<br>Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау.<br>Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге,бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын. «Бәйге».<br>Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру.<br>Жаттығу ойыны.<br>Қозғалыстарын дамыту<br>Мақсаты:<br>секіргіш жіппен секіруге жаттықтыру. | тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды.<br>♦Барынша қатты желдердің атын ата? (дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)<br>♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды)<br>♦Желдің ізін көруге болады ма?<br>Зерттеу жұмысы<br>Компас арқылы желдің бағытын анықтау.<br>Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау.<br>Еңбек Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау<br>Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шапшаңдыққа баулу.<br>Жаттығу ойыны Затты нысанаға лақтыру.<br>Мақсаты: қол күштерін, көз мөлшерін дамыту | жүкіре білу дағдыларын бекіту. Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту<br>Мақсаты: қозғалыс уақытында өздерін сақтандыра білуге оқыту.<br><br>Халық болжамы: Мұз сүңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады. | | | Қимылды ойын «Кім жылдам?».<br>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту.<br>Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру.<br>Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту.<br><br>Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін ретімен шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, санау және т. б. (көркем сөз, ойын әрекеті) | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Алихан,Әйгерім,Балым,Таисиямен спорттық ойындар мен жаттығуларда белсенділік танытa білу дағдыларын жетілдіру.***Денешынықтыру*** | Алихан,Раяна,Дамирмен негізгі ойды дұрыс тұжырымдап, өз пікірін айта білу қабілеттерін дамыту.***Қарым-қатынас іс -әрекеті*** | Асылжан,Аймира,Алихан, Дамир,Таисия ,Расулмен өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге тырыса білу қабілеттерін дамыту ***Қарым-қатынас іс -әрекеті*** . | Раяна,Алихан, Айзере Б. Балым,Дамирмен қағаз бетінде бағдарлай біледі, апта күндерін, жыл мезгілдері бойынша айларды ретімен атай білуге үйрету.***Танымдық іс-әрекеті*** | Алихан, ,Дамир Таисиямен,"жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығара білуге үйрету.***Шығармашылық іс- ірекет*** |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Сәлемдесу айнасы»**<br>Дене қызуларын мен тазалығын тексеру<br>Дене шынықтыру шаралары.<br>Жағымды жағдай орнату.<br>Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. | **Сюжетті-рөлдік ойын:**<br>«Қалай тамақтанамыз»<br>Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар. | | **Ойын «Кімнің заттары?»** (жақын адамдарының заттарын анықтау);<br>Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б. | **Ойын– жаттығу: «Жуыну»**<br>Альбомдар,сюжетті картиналарқарастыру,<br>Ірі құрылыс материалдарымен ойындар. |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру | Ата-аналарменбаланыңсыныпқа бейімделуіжайындасұхбат | Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру | Ата-аналарменбаланыңсыныпқа бейімделуіжайындасұхбат | Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұййымы №5 ЖББОМ**
**Топ**:мектепалды «Ә» сынып
**Балалардың жасы:** 5жас
***Жоспардың құрылу кезеңі:*** 27.03 наурыз айы - 31.03 наурыз айы, 2022-2023оқу жылы 3 апта

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 27.03.2023 | Сейсенбі 28.03.2023 | Сәрсенбі 29.03.2023 | Бейсенбі 30.03.2023 | Жұма 31.03.2023 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардықабылдау | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді пысықтау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту). | | | | |
| Ата-аналарменәңгімелесу, Кеңес беру | Ата-аналармен бала денсаулығы,баланың үйдегі күн тәртібі,жетістіктері,баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Педагогтың жетекшілігімен жүргізілетін ойын: **Балалармен әңгімелесу: «Көктем» мезгілі туралы** ***Қор.орт.танысу,таным дық,ойын іс-әрекеті*** | **Сюжетті рөлдік ойын «Шаштараз»** Мақсаты: Шаштараз кәсі-бінің қыр-сырларын түсі-неді. Балалар рольдерге бөлінеді, өздері алған рольдерін сомдайды.***Қарым-қатынас іс -әрекеті*** | Құрлымдалған ойын **«Апта күндері»** Мақсаты: Апта күн-дерін рет-ретімен айта алады. Баланың тілі, ойы, танымдық қабілеті дамиды. ***Қор.орт.танысу, танымдық,ойын іс-әрекеті*** | **Дидактикалық ойын:**«Дәл осындай пішінді тап» Мақсаты: геометриялық пі-шіндер жайлы біледі.Пішін-дерді атайды, ажыратады, салыстырады.***Танымдық ,зерттеу іс-әрекеті*** | **Дидактикалық ойын: «Қапшықтан неше ойыншық алдың?»** Мақсаты:Балалар ойын-шықтар туралы айтады, оларға сипаттама береді. |
| Таңертеңгі жаттығу | Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені №2 (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекеттер | **Дене шынықтыру** қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). (Ұ, ПК) Балалар спорт | **Қоршаған ортамен танысу** жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады | **Сауат ашу негіздері** сөздерге дыбыстық талдау: дауысты және дауыссыз дыбыстарға байланысты айтылған сөз ішінен орнын таба білуге дағдыландыру. Сөзді аяқта» | **Сөйлеуді дамыту** өзара байланыстыбірізді сюжет құрастыру. **Қасқыр мен түлкі ертегісі.** Суретте берілген түлкінің құйрығын тауып қоршап | **Сауат ашу негіздері** сөздерге дыбыстық талдау: дауысты және дауыссыз дыбыстарға байланысты айтылған сөз ішінен орнын таба білуге дағдыландыру. «Сөйлем ойла тез ойла» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түрлерін элементтеріне қарап таба- ды, өздерін спортшы ретінде елестету ұсынылады.<br><br>«Жеңіл атлетика»<br>Аяқ ұшымен жүру, жүгіру – тізені жоғары көтере отырып аяқты артқа қарай тізеден қатты бүгу.<br>Әрбір қозғалыс түріне сәйкес қол қимылдарын жасауға на- зар аударылады.<br><br>тыныс алу жаттығулары «Біз спортпен айналысып, тез өсеміз»: аяқтың ұшына көте- ріліп, қолды жоғары көтеріп, демді ішке тарту.<br>«Күн сайын биік боламыз»: қолды төмен түсіріп, табанмен толық тұру – демді сыртқа шығару.<br>Т) Ептілікті дамытуға арналған жалпы дамыту жаттығуы.<br>Гимнастикалық орындықпен жүру, әрбір қадам сайын тіктеп жоғары көтерілген аяқтың астынан шапалақтау.<br>Нұсқау – тепе-теңдік сақтау, денені тік ұстау; орындықтан түскенде | (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады)<br>«Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата»<br>Көрнекіліктер: орманның суреттері салынған үлкен картаның астындағы бос тор көздер, тиісті жануарлар.<br>Ойынның барысы: ойыншылар екі топқа бөлініп, әртүрлі табиғат көрінісі салынған бір - бір үлкен картадан алады. Жүргізушінің белгісі бойынша балалар жануарлар бейнеленген үлестірмелі карточкаларды үлкен картадағы салынған сурет мазмұнына қарай бос тор көздерге орналастырады. Кім бос тор көздерді толтырып, жануарларды дұрыс атаса, сол жеңіске жетеді.<br>**Қазақ тілі**<br>туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. | дидактикалық жаттығуы<br>Балалар мен сендерге соңғы буынын айтпай сөздер айтамын, сендер буынды қосып, сөзді айтасыңдар.<br>Мысалы: кү...шік, көбе...лек, ба...нан, алжап...қыш, жұлдыз...ша, жылқы...шы, шах...мат, ине...лік, жолба...рыс, жас...тық, ағаш..тар, бақта..шы, береке...лі, күлкі...лі, күнба...ғыс, қабыр...ға, қам...шы, қама...жай, ора...мал, сүл...гі, жапа...лақ, отба...сы, жануар...лар, найза...ғай, сөм...ке, сыбыз...ғы, отша...шу, су...рет, жеміс...тер, жалау...ша, құмырс...қа т.б.<br>Сөзді дұрыс айтқан балаларға педагог жұлдызша таратып отырады, ойын соңынан жеңімпаз анықталады<br>**Математика негіздері**<br>сөйлеуде белгілі бір | сызып,суретті толықтырып салу.<br><br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>- қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу.<br>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерінкеңейту.<br>Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.<br>**«Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата»**<br>Мақсаты: Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары | ойыны<br>Мақсаты: сөзге сөйлем құрастыра білу қабілеттерін жетілдіру.<br>Шарты: балаларға жемістердің түрлері бар суреттер таратылады.Балалар қолдарындағы суреттегі жемістің атауын қатыстырып, екі немес үш сөзден тұратын сөйлемдер құрастырулары тиіс.<br>**Математика негіздері**<br>айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау дағдыларын жетілдіру.<br>«Жыл атасы»<br>Тақтада – жыл мезгілдері бейнеленген 4 карточка, балаларда – 1 көк карточка.<br>- Жыл атасы бүгін бізге қандай карточканы қалдырады? Неге олай ойлайсыңдар? (Қалған карточкалар алынып тасталынады).<br>- Қыстың алғашқы екі айы қалай аталады? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алдымен аяқтың ұшымен түсу, содан кейін бүкіл табанмен тұру. Биік нәрсе үстінде жаттығу орындаған кез- дегі қауіпсіздік техникасы туралы ескертіледі, қажет жағ- дайда сақтық шаралары қабылданады.**Математика негіздері**<br>нүктелерді, өрнектерді салуға үйретуді жалғастыру.<br><br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>сөздерге дыбыстықталдау: дауысты және дауыссыз дыбыстарға байланысты айтылған сөз ішінен орнын таба білуге  дағдыландыру.<br>**«Кім көп сөз ойлап айтады?» дидактикалық ойыны**<br>-Ы дыбысына байланысты сөздер айтып, ы дыбысын сөз ішінен табу | **Наурыз көктем мерекесі**<br>Наурыз шығыс күнтізбесінде Жаңа жыл басы деп саналады. Наурыздың 21-інен 22-сіне қараған түні күн мен түн теңеледі.<br>Наурыз – жақсының жаршысы, ынтымақтың белгісі, халық қастерлейтін, бірігіп тойлайтын күн.<br>–Ал енді өздерің отбастарыңда бұл тойды қалай өткізесіңдер, соны айтып беріңдер.<br>–Сендер мерекеде наурызкөже пісіресіңдер ме?<br>–Оны кім пісіреді? Оған не қосады? Балалармен Наурыз мерекесіне отбасында қалай дайындық жасаймыз және қалай тойлайтындары жайлы әңгімедлесу.<br>**Көркем әдебиет**<br>санамақ, жаңылтпаш айту.<br>Айтар болсам саралап<br>Көп қой түрлі санамақ<br>Бір дегенім – бір саусақ<br>Екі дегенім – екі саусақ | заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге баулу.<br>**«Не өзгерді» ойыны**<br>Екі жолақты карточканы тақтаға іліп, бірінші жолағына бір алмұрттың суретін, екінші жолағына көп алманың суретін іледі де, балалармен бірге салыстырады. Содан кейін, керісінше, бірінші жолаққа көп алманы, екінші жолаққа бір алмұрттың суретін іледі. Бұдан не өзгергенін сұрау.<br>**Қазақ тілі**<br>тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға үйретуді бекіту. Кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы | жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады. Көрнекіліктер: қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер.<br>Ойын барысы: Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп, олардың бір - бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек.<br>**Көркем әдебиет**<br>санамақ, жаңылтпаш айту.<br>Ши тоқыдым шиеден,<br>Теңіз кештім түйемен,<br>Күйме жасап инеден,<br>Үй тұрғыздым түймеден.<br><br>Шалшық, балшық,<br>Балшық , шалшық,<br>Балшықтан ал шық.<br><br>Шеше, шеше,<br>Неше кесе<br>Сынды кеше?<br><br>Сағат сыртылдады,<br>Сырға сыңғырлады. | - Оларды өз орындарына қойыңдар. Бір бала тапсырманы тақтада, қалғандары партада орындайды.<br>Түнде аяз күшейіп,<br>Күндіз тамшы тамады.<br>Күн білінбей ұзару,<br>Бұл қай кезде болады? (Ақпан)<br>- Ақпан айы қай айдан кейін болады?<br>- Қыс айларын атаңдар. Содан соң тәрбиеші балалардың бір-біріне сұрақ қоюын сұрайды. Бір бала кез келген айды белгілейтін цифрды көрсетеді, ал қалғандары қай ай екенін айтады. Келесі кезекте бала айды атайды, қалғандары осы айда белгілейтін цифрды көрсетеді.<br><br>**Шығармашылық іс-әрекет**<br>- қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | –Н дыбысынан басталатын сөздер ойлаңдар, сөздерді шапалақпен буынға бөліндер, қанша буын атасындар.<br>–Нан, нар, ну, нарын, немене, не, неге, нағыз, Нұрлан, Нұргүл, нан, нақ, неліктен.<br>–Р дыбысынан басталатын сөз ойлаңдар. Кім көп сөз ойласа, соған бір фишкадан беріліп отырады.<br>–Радио, раушан, рас, рет, резеңке, рең.<br>Ойын соңында фишкаларды санап, жеңімпазды анықтайды.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>өзара байланыстыбірізді сюжет құрастыру.<br>**Наурыз-көктем мерекесі**<br>Жұмбақ шешу.<br>1.Бір ауызды бұйым бар, Тіктөртбұрыш пішінде. Затыңды аман сақтайды, Салып қойсаң ішіне. Көлемі болар әртүрлі, Орташа, | Үш дегенім – үш саусақ<br>Төрт дегенім –төрт саусақ<br>Бес дегенім – бес саусақ<br>Алты дегенім – алты саусақ<br>Жеті дегенім – жеті саусақ<br>Сегіз дегенім – сегіз саусақ<br>Тоғыз дегенім – тоғыз саусақ<br>Он дегенім – он саусақ<br>Он қолымда бес саусақ<br>Сол қолымда бес саусақ<br>Екеуін қосып санап ем<br>Барлығы болды он саусақ<br>Барлығыда әп ай ай,<br>Бейне бір он бауырсақ.<br>**Музыка**<br>мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру<br>Тақырыбы: «Соқыр теке»<br>Мақсаты: Үйренген ән, әуендерді есте сақтап, бекіту үшін қолданылады. Әртүрлі көңіл күйдегі әуендерді кіріспесінен немесе үзіндісінен табуға | еркін талқылауға мүмкіндік беру.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).<br>(Ұ, Ө) Балалармен қазақтың дәстүрлі ат жарысы туралы әңгімелесу.<br>Аламан бәйге – алыс қашықтыққа шабу, даладағы түрлі табиғи кедергілерден өту. Қысқа және орташа қашықтыққа шабу. Арақашықтық: 7,12 және 16 км. Жамбы ату – аттың үстінде нысанаға найза лақтырып жарысу (садақ атудың орнына). Шабандоз рөлін атқару ұсынылады.<br>(Ұ) Баяу жүгіру – 3,5 минут.<br>Нұсқау – иықты бос ұстап, ырғақпен, | Қарға, қарға, қарғалар,<br>Қар үстінде жорғалар.<br><br>Пеш үстінде бес мысық –<br>Бес күзетші, бес пысық.<br>Тышқан ұстап жемесе,<br>Бола қоймас еш қызық<br>**Дене шынықтыру**<br>велосипед, самокат тебу<br>(Ұ) ҰОҚ-да тапсырманы кім жылдам және кім жақсы орындайтынын тексеру: ұлдар ма, қыздар ма?<br>Ұлдар мен қыздар арасында жарыс ұйымдастыру.<br>(Ұ, Ө) № 1 тапсырма «Кім зейінді?»<br>Топ бойынша бір-бірінің артына, қатарынан тізбекке тізіліп тұру, шеңбер жасап тұру.Қыздар жеке, ұлдар жеке тізбекке тұру. Сөзбен, қажет болғанда қимылмен қай жаққа тұру көрсетіледі: педагогтің сол жағында қыздар, оң жағында ұлдар (керісінше), педагогтің алдында, артында.<br>2. Қатар тізбекке тұру. Балаларға тәртіп | таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.Балалардың қалауы бойынша топтарға бөлініп,киіз үйдің макетінің ішін ермексазбен ,сурет салу арқылы безендіру.<br>**Музыка**<br>балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету. Музыкалық қоңырау, бубен, барабан және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыруды жалғастыру.<br>Тақырыбы: «Қай аспапта ойнаймын?» ойыны<br>Мақсаты:қоңырау, бубен, барабан және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үлкен, кіші де. Оюлар зерлеп жасалған, Қызығасың түсіне. Айтыңдаршы, бұл не зат, Көрпе жинайтын үстіне?<br>Сергіту жаттығуларын үнтаспадағы ұлттық әуенмен («Қаражорға», «Айгөлек») жасату.<br>«Наурыз көже» Наурыз көже жасауға қажетті азық-түліктерді қазанға сызық арқылы қосып,сызу. Наурыз туралы тақпақтар айту. | машықтандырады<br>1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу. Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің 1 – ші шумағын айтады. 2 – шумақты «Соқыр теке» айтады. 2 – шумақ басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «Соқыр текеге» ұстатпаймыз деп жан жаққа жүгіреді. «Соқыр теке» біреуді ұстап алуға тырысады. Егер ұстап алса әннің 2 – ші шумағын айтады, ойын қайталанғанда ұсталған бала «Соқыр теке» болады. Егер ұстай алмаса «Соқыр теке» өзі болады.<br>Соқыр теке, бақ, бақ<br>Біз айтамыз тақпақ.<br>Мықты болсаң қанекей,<br>Бірімізді тап, тап.<br>2. Ән айту. «Тұлпарым»<br>Ән | бірқалыпты жүгіру. Қолдың қалыпты үйлесімді қимылына назар аудару.<br>Тыныс алуды қалпына келтіріп, тыныс алу жаттығуларын орындау сапасына назар аударыңыз.<br>1. Бастапқы қалып – аяқты айқастыра отыру (нұсқалар: тізер- леп немесе өкшемен отыру, аяқты бірге ұстау). Арқаны тік ұстау. Қолды толық жаза отырып бастан жоғары көтеріп демді ішке тарту және демді сыртқа шығара отырып денені еңкейтіп қолды түсіру.<br>2. Бастапқы қалып қайталанады. Қолды бастан асыра жоғары көтеру. Демді сыртқа шығара отырып еңкейіп, қол мен шекені еденге дейін жеткізу, демді ішке тарта отырып денені тік жаза отырып, бастапқы | ережесін түсіндіреді, жарыс өт- кізу кезіндегі қауіпсіздік техникасын, жарыста арақашықтықты сақтауды еске салады – мәре сызығынан шеңберге дейін.Балалар велосипед және самокат теуіп үйренеді. | таныстыруды жалғастыру.<br>1.Музыка залында балаларды көңілді музыкамен қарсы алу. Балаларға аспаптардың (домбыра, қобыз, сазсырнай, асатаяқ, дауылпаз, т.б.) суреттері бейнеленген карточкалар ұсынылады. Музыка жетекшісі ширма артында жасырып бір аспапта ойнайды. Балалар мұқият тыңдап, аспаптың дауысын тыңдайды.<br>2. Музыкалық-ырғақты қимыл:<br>Лентамен жаттығу.<br>1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру.<br>2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға , солға иілту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қалыпқа келу.<br>3.Бастапқы қалып қайталанады. Қолды алдыға қарай немесе иық деңгейінде екі жаққа қарай созу, алақан төмен қарайды. Демді ішке тарта отырып сол қолды жоғары көтеріп, оң қол- ды төмен түсіру. Демді сыртқа шығара отырып – сол қолды төмен, оң қолды жоғары көтеру.<br>4.Бала бастапқы қалыпта отырып, қолды екі жаққа созады, саусақтарды бүгеді. Демді ішке тарта отырып бас бармақты жоғары көтереді, демді сыртқа шығарғанда бас бармақты бір- тіндеп төмен түсіреді. | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | **Шырша ағашын бақылау**<br>Мақсаты:<br>—Қаламызда өсетін ағаштармен таныстыруды | **Су тамшыларын бақылау**<br>Мақсаты:<br>—температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы | **Күнді бақылау**<br>Мақсаты: күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы | **Тастарды бақылау**<br>Мақсаты: тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру.<br>Бақылау барысы | **Бұлттарды бақылау**<br>Мақсаты: өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жалғастыру;;<br>—Шырша ағашын басқа ағаштармен салыстыру;<br>—Ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Жасыл шырша» К. Әзірбаев<br>Қанша заман өткенімен,<br>Ескірмейтін асыл шырша.<br>Алатаудың көктемімен,<br>Доссың ғой сен, жасыл шырша.<br>Өзгермейсің қыс келсе де,<br>Бояыңды оңдырмайсың.<br>Аяз шымшып, тістесе де,<br>Жапырағыңды тоңдырмайсың.<br>Балаларға сұрақтар:<br>•Шырша ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы неде?<br>•Балалар шырша ағашын неге жақсы көреді?<br>•Шырша ағашы туралы қандай жұмбақтар | білімдерін тиянақтау;<br>—зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз. «Сүңгілер» А. Меңдібай<br>Күн сәулесін төкті кеп,<br>Қар да ери бастады.<br>Шатырынан әр үйдің,<br>Төмен қарап салбырап,<br>Мұз сүңгілер аспалы,<br>Пайда бола бастады.<br>Тырс - тырс тамып тамшылар,<br>Тынымсыз жерге тамады.<br>Қардың суы ерігген,<br>Сай қуалай ағады.<br>Балаларға сұрақтар<br>♦Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? (күн бетте)<br>♦Неге? (күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады)<br>♦Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? (қысқарады, аяз бен желден олар сынады)<br>♦Шуақты күні ше? (өседі)<br>♦Қай беттегі сүңгілер тез | білімдерін бекіту.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:<br>Үлкен алтын табақтан,<br>Әлемге нұр таратқан. (күн)<br>Алауға оранып,<br>Көкке өрлеп шығады.<br>Бір айналып оралып,<br>Көкжиекке бұғады. (күн)<br>Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады.<br>•Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады?<br>•Күн қай жақтан шығады?<br>•Қай жаққа батады?<br>•Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма?<br>•Неге?<br>Зерттеу қызметі<br>Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, | Мектеп ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу.<br>Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп.<br>Сұрақтар:<br>•Тастардың қандай түрлерін білесіңдер?<br>•Асыл тастарды не үшін пайдаланады?<br>•Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады?<br>•Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады?<br>Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді.<br>•Мектеп ауласында, ғимарат құрлысында | қызығушылықтарын арттыру.<br>Бақылау барысы.<br>Көркем сөз. «Бұлт» Ө. Ақыпбекұлы<br>Бұлттың қайда тұрағы?<br>Біле алмадым мұны әлі.<br>Білерім көк аспанның,<br>Бұлт-көшпелі бұлағы.<br>Тәрбиеші сұрақтары.<br>♦Бұлт дегеніміз не?<br>♦ Бұлттардың түсі қандай болады?<br>♦Бұлттар неден тұрады? (сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен.)<br>♦ бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? (түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар)<br>♦ Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады)<br>♦ Шарбы бұлттар неге ұқсады? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білесіңдер?<br>Тәрбиеші әңгімесі:<br>Шырша ағашы адамға өте ұнамды, қуаныш сыйлайтын ағаш. Шыршаны ойыншықтармен безендіріп, жаңа жылды қарсы аламыз. Өкінішке орай, біздің осындай қиянаттарымыздан шырша орманы сиреп барады. Қазір шыршаны кесіп, бүлдірмес үшін, жасанды шыршалар шығарылды.<br>Қаламызда шырша ағаштары отырғызылып, қала көшелеріне сән беруде. Шыршаны тек қана адамдар емес, жан-жануарлар мен құстар да жақсы көреді. Қалың шырша орманында аюлар апанын, тиіндер індерін, құстар ұяларын салады.<br>**Зерттеу жұмысы**: шырша ағашын маңайдағы басқа ағаштармен салыстыру , ерекшеліктерін атау. | ериді? (күн беттегі, себебі күн мқзды қыздырады да, ол суға айналады)<br>Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сүңгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сүңгінің астына қояйық. Қай ыдысқа су көп жиналады екен. Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған.<br>Еңбек<br>Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу.<br>Мақсаты: кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын «Аяғыңды сулама»<br>Мақсаты:<br>Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы жүкіре білу дағдыларын бекіту. Жаттығу ойыны.<br>Қозғалыстарын дамыту<br>Мақсаты: қозғалыс | қайсысын күн көп қыздырады?<br>Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме?<br>Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен карауға болады? (қоңыр түсті әйнекпен)<br>Еңбек<br>Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу..<br>Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.<br>Қимылды ойын «Күн мен түн».<br>Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу.<br>Жаттығу ойыны<br>Орнында тұрып ұзындыққа секіру.<br>Мақсаты:секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін | тастар бар ма?<br>Зерттеу жұмысы<br>Мектеп ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау.<br>Еңбек<br>Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау.<br>Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге,бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын. «Бәйге».<br>Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру.<br>Жаттығу ойыны.<br>Қозғалыстарын дамыту<br>Мақсаты:<br>секіргіш жіппен секіруге жаттықтыру. | ♦ Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар)<br>♦ Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар)<br>♦Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады)<br>Зерттеу жұмысы<br>Аспандағы қандай бұлттар екенін анықтау.<br>Бір нәрсеге (өлі және тірі табиғатқа жататын) ұқсайтын бұлттарды табу.<br>Еңбек<br>Аланды егу жұмыстарына дайындау; қоқыстарды жинау, сыпыру.<br>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген ынталарын қалыптастыру..<br>Қимылды ойын «Қасқыр қақпан».<br>Мақсаты: ойын ережесін түсініп, шартын сақтап ойнауға, ептілікке, алғырлыққа баулу.<br>Жеке жұмыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Еңбек: шырша ағашының айналасын тазалау.<br>Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын арттыру.<br>**Қимылды ойын: Доппен ойын.**<br>Мақсаты: Қозғалыс координацияларын дамыту..<br>Жаттығу ойыны Доппен жаттығу.<br>Мақсаты: допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру.<br>Мақал-мәтел:<br>-Орман ел дәулеті, жер сәулеті.<br>-Аяламасаң ағаш та, аспандап өспес. | уақытында өздерін сақтандыра білуге оқыту.<br>Халық болжамы: Мұз сүңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады | дамыту.<br>Мақал-мәтел: Сәуір болса күн күркірер, Күн күркіресе, көк дүркірер.<br>Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын. | | Математикалық жаттығулар.<br>Мақсаты: тақ және жұп сандарды санай білу дағдыларын жетілдіру.<br>Халық болжамы. Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады. |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін ретімен шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, санау және т. б. (көркем сөз, ойын әрекеті) | | | | |
